



**Атырау облысы денсаулық сақтау басқармасының
«Атырау облыстық медициналық жедел жәрдем станциясы»
Шаруашылық жүргізу құқығындағы коммуналдық мемлекеттік
кәсіпорны**


«БЕКІТЕМІН»
 Атырау облыстық медициналық
 жедел жәрдем станциясы»
 ШЖК КМК директоры
 А.Орынбасарұлы
 «26» сәуір 2025 ж

**Жас маман фельдшер лауазымына жұмысқа қабылдау
ЕРЕЖЕСІ**

Келісілді

Аты-жөні, тегі	Қолы	Лауазымы
Абдрахманова Н.Н.		Директордың медицина жөніндегі орынбасары
Тналиева С.К.		Кәсіподақ төрайымы
Рахметова Г.Ж.		Тікелей басшы – директордың мейірбике жөніндегі орынбасары, бас фельдшер
Курмангалиева Ж.К.		Персоналды басқару бөлімінің басшысы
Издибаев Е.Р.		Зангер

Құжат мерзімі	Статусы	Басылым №
_____	Қолданыста	Дана № _____
		Көшірме № _____

**Атырау облысы денсаулық сақтау басқармасының
«Атырау облыстық медициналық жедел жәрдем станциясы»
Шаруашылық жүргізу құқығындағы коммуналдық мемлекеттік
кәсіпорны**

Жас маман фельдшер лауазымына қабылдау ережесі

1. Мақсаты

Жедел медициналық жәрдем станциясына жас маман фельдшер мамандарын іріктеу, бағалау және жұмысқа қабылдау рәсімін ашық, қауіпсіз және тиімді түрде ұйымдастыру.

2. Жалпы ережелер

- 2.1. Жұмысқа қабылдау ҚР Еңбек кодексі мен Атырау облыстық медициналық жедел жәрдем станциясының ішкі тәртіп ережелеріне сәйкес жүргізіледі.
- 2.2. Қабылдау процесінің ашықтығын және бірыңғай арнадан жүзеге асырылуы мақсатында, сонымен қатар, нақты статистикалық мәліметтердің қалыптасуын қамтамасыз ету мақсатында ұйымдағы барлық бос жұмыс орындары міндетті түрде Enbek.kz порталында жарияланады. Тиісінше – үміткерлер жарияланған бос орынға өздерінің өтініштерін аталған портал арқылы жолдап, сол негізде сұхбаттасуға шақырылады. Үміткер еш жерде жұмыс жасамау керек.
- 2.3. Осы Ереже медициналық колледж түлектерін жұмысқа қабылдау тәртібін, тәртіптік және ұйымдастырушылық шараларды айқындайды.
- 2.4. Ереже медициналық ұйым мен медициналық колледж арасында жасалған **ынтымақтастық туралы меморандумға** сәйкес әзірленді.
- 2.5. Ереженің мақсаты — жас маман фельдшерлерді еңбек нарығына бейімдеу, кадр тапшылығын азайту және тұрақты жұмыспен қамтуға жағдай жасау.

3. Жас маман фельдшерін іріктеу және қабылдау тәртібі

- 3.1. Колледж жыл сайын түлектердің тізімін жұмыс берушіге ұсынады. Жұмыс беруші сол тізімге сай бос вакансиялар резервын қамтамасыз етуге алдын ала мүмкіндік жасайды. Жыл сайын кем дегенде 5 бос орынға резерв қарастырылады.
- 3.2. Жұмыс беруші ұсынылған кандидаттармен әңгімелесу жүргізіп, қажетті талаптарға сай келгендерін жұмысқа қабылдайды.
- 3.3. Жас маман фельдшерді қабылдау кезінде басымдық беріледі:
- жоғары үлгерім көрсеткен түлектерге;
 - өндірістік тәжірибеден жақсы баға алған студенттерге;
 - ауылдық немесе әлеуметтік маңызы бар аймақтарға жұмыс істеуге дайын мамандарға.
- 3.4. Қабылданған жас маман фельдшермен **еңбек шарты** жасалады және бейімдеу кезеңі (3 ай) белгіленеді.

**Атырау облысы денсаулық сақтау басқармасының
«Атырау облыстық медициналық жедел жәрдем станциясы»
Шаруашылық жүргізу құқығындағы коммуналдық мемлекеттік
кәсіпорны**

4. Жас маман фельдшерді бейімдеу және қолдау

- 4.1. Бейімдеу кезеңінде жас маманға тәлімгер (тәжірибелі қызметкер) бекітіледі.
- 4.2. Колледж түлектеріне кәсіби өсу мен үздіксіз білім алу мүмкіндігі беріледі.
- 4.3. Жас мамандарға әлеуметтік қолдау көрсету аясында маманның **әлеуметтік әл-ауқатына** да назар аудару (асыраушысынан айырылған, көпбалалы отбасы ретінде, баласының мүгедектігі бар, тұрақты тұрғылық үйі жоқ, т.б.) қарастырылуы мүмкін.

5. Жас маман фельдшер лауазымына қойылатын біліктілік талаптары

- 5.1. Үміткердің **орта медициналық білімі** болуы тиіс («Фельдшер» мамандығы бойынша медициналық колледж немесе арнайы орта оқу орнын бітіру).
- 5.2. Үміткерде ҚР Денсаулық сақтау министрлігі бекіткен үлгідегі **кәсіби біліктілік сертификаты** болуы міндетті.
- 5.3. Жаңа бітірген түлектерге тәлімгер (тәжірибелі қызметкер) бекітіліп тәжірибелік сынақ мерзімінен өтеді.

6. Кәсіби және жеке қабілеттерге қойылатын талаптар

- 6.1. Шұғыл жағдайларда шешім қабылдау, клиникалық ойлау және практикалық дағдыларды меңгеру деңгейі жоғары болуы тиіс.
- 6.2. Коммуникабельділік, төзімділік, жауапкершілік және командамен жұмыс істей алу қабілеті қажет.
- 6.3. Медициналық этика мен деонтология қағидаларын сақтау міндетті.
- 6.4. Үміткердің денсаулық жағдайы фельдшерлік қызмет атқаруға жарамды болуы тиіс (медициналық анықтама арқылы расталады).

7. Қабылдау тәртібі

- 7.1. Үміткерлер бос лауазым туралы хабарландыру жарияланғаннан кейін конкурс не тікелей іріктеу негізінде қабылданады.
- 7.2. Құжаттар тізбесіне мыналар кіреді:

- жеке өтініш;
- жеке куәлік көшірмесі;
- диплом және қосымша (транскрипт);
- біліктілік сертификаты;
- біліктілікті арттыру туралы куәлік (болған жағдайда);
- Еңбек кітапшасы
- Медициналық тексеріс анықтамасы 075
- Наркологиялық диспансерден анықтама

**Атырау облысы денсаулық сақтау басқармасының
«Атырау облыстық медициналық жедел жәрдем станциясы»
Шаруашылық жүргізу құқығындағы коммуналдық мемлекеттік
кәсіпорны**

- Психоневрология диспансерінен ақытама
- Сотталмағаны туралы анықтама
- Түйіндеме (резюме)
- қажет болған жағдайда алдыңғы жұмыс орнынан мінездеме
- Әкімшілік құқық бұзушылық бойынша жауапкершілік туралы анықтама

7.3. Медициналық және психолог маманнан тексеруден өту

- Қажет болған жағдайда жұмыс бабында кездесуі мүмкін психоэмоционалдық факторға қатысты кандидаттың психологиялық жағдайын бағалау үшін психолог маманымен тексеру өткізу.

7.4. Құжаттар тексерілген соң әңгімелесу немесе кәсіби сынақ (тест, практикалық тапсырма) өткізіледі.

7.5. Сәтті өткен үміткерлер жұмысқа қабылдау туралы бұйрық шыққаннан кейін қызметіне кіріседі.

8. Жұмысқа қабылдау кезеңдері

8.1. Персоналды басқару бөлімімен кандидаттың минималды талаптарға сәйкестігін бағалау.

8.2. Сұхбаттасу директордың қатысуымен комиссиялық түрде өтеді, сонымен қатар келесі сұрақтар қарастырылады:

- Кәсіби біліктілік пен тәжірибе
- Клиникалық жағдайларға байланысты сұрақтар
- Құқықтық және этикалық сұрақтар
- Психологиялық және жеке қасиеттер
- Мотивация, күйзеліске төзімділік, жауапкершілік деңгейін бағалау
- Төтенше жағдайларда әрекет ету тәртібін тексеру

Сұхбаттасу кезінде үміткердің келісімімен аудио-видео жазбасы жүргізіледі.

8.3. Қажет болған жағдайда тәжірибелік сынақ өткізу

8.4. Сұхбаттасудан сәтті өткен жағдайда жұмысқа қабылдау комиссиямен шешімімен рәсімделеді.

8.5. Кейін жұмысқа қабылдау рәсімдері жасалады:

- Жазбаша өтініш тапсыру
- Enebek.kz порталында тиісті үміткердің өтінішін рәсімдеу
- Еңбек шартына қол қою
- Лауазымдық нұсқаулықпен және Ішкі еңбек тәртібі мен басқа да құжаттармен танысу
- Еңбек қауіпсіздігі және техника қауіпсіздігі бойынша кіріспе нұсқаулық өту

8.6. Қажет болған жағдайда дайындық тәжірибесінен өткізу

- Тәжірибелі фельдшермен бірге 2 мезгіл (3-6 сағат) жұмыс істеу

**Атырау облысы денсаулық сақтау басқармасының
«Атырау облыстық медициналық жедел жәрдем станциясы»
Шаруашылық жүргізу құқығындағы коммуналдық мемлекеттік
кәсіпорны**

- Көлік жабдықтарымен және маршруттармен танысу
- Жеке жұмысқа дайындықты бағалау

9. Ішкі саясат және тәртіп

Жұмысқа қабылданған жас маман фельдшер қызметкері талапқа сай 5 жыл сайын мамандығы бойынша медициналық қызметті жүзеге асыру және клиникалық практикаға жіберу үшін маман сертификатынан өту және жыл сайын жоспарлы медициналық тексеруден өтуге міндетті. Әрбір жұмыс ауысымының алдында және соңында жас маман фельдшер медициналық қарап-тексеруден өтеді.

9.1. Сонымен қатар келесі талаптар орындалуға тиіс:

- Жұмыс ауысымдық (тәулік бойы, күндізгі және түнгі);
- Ішкі еңбек тәртібі мен қауіпсіздік ережелерін сақтау;
- Қызметтік форма мен таза сыртқы келбетты және санитарлық нормаларға сай жеке гигиенаны сақтау;
- Медициналық қызметкерлермен өзара сыйластықта және жедел әрекет етуге дайын болу қажет;
- Мас күйінде немесе есірткі әсерінде жұмысқа келуге қатаң тыйым салынады;
- Ұялы телефонды жұмыс кезінде тек қызметтік байланыс үшін пайдалану;
- Планшет құрылғысын пайдалана білу және ұқыпты ұстау;
- Медициналық жабдық пен дәрілік жиынтықтың толықтығын күн сайын тексеру;
- Үздіксіз біліктілікті арттыру курстарынан, қауіпсіздік тренингтерінен өту.

9.2. Жұмысқа қабылданған жас маман фельдшерлердің жауапкершілігіне кіреді:

- Науқастарға сапалы шұғыл медициналық көмек көрсету, уақытылы және қауіпсіз тасымалдау;
- Медициналық жабдық пен мүлікті дұрыс пайдалану;
- Пациенттің жеке және медициналық құпиясын сақтау;

10. Сынақ мерзімі

Жаңа қабылданған жас маман фельдшер қызметкері үшін сынақ мерзімі белгіленбейді. Бірақ, жас маман фельдшердің тәртібі, жауапкершілігі, медициналық бригадалармен өзара әрекеттесуі жас маманға бекітілген тәлімгердің қорытындысымен бағаланады. Қызметтік мінездеме жасалып, аға

**Атырау облысы денсаулық сақтау басқармасының
«Атырау облыстық медициналық жедел жәрдем станциясы»
Шаруашылық жүргізу құқығындағы коммуналдық мемлекеттік
кәсіпорны**

фельдшер немесе бас фельдшерден, немесе басқа да мүдделі қызметшілермен персоналды басқару бөліміне жазбаша хабарланады.

11. Қызметкерлерді жұмысқа қабылдау кезінде сенімділік саясаты

Қаржылық тұрақтылықты қамтамасыз ету және лауазымдық міндеттерді орындауға байланысты тәуекелдерді азайту мақсатында Жұмыс беруші үміткерлердің келесі жағдайларын ескеруге құқылы:

- Алименттік міндеттемелерді, несие, салық және басқа да қарыздарды өндіріп алу жөніндегі сот шешімдерінің болуы;
- Атқарушылық парақтар негізінде жалақыдан тұрақты ұсталымдардың жүргізілуі.

Аталған жағдайлар жұмысқа қабылдау туралы шешім қабылдауға әсер ететін фактор ретінде қарастырылуы мүмкін, әсіресе келесі лауазымдарға үміткерлерді іріктеу кезінде:

- Қаржылық жауапкершілікке ие қызметтер;
- Материалдық құндылықтарға қолжетімділігі бар лауазымдар;
- Компания мүдделерін сыртқы серіктестер алдында таныстыратын қызметтер.

Жұмыс беруші үміткерлердің жеке ақпаратына құрметпен қарап, кемсітушілікке жол бермеу және құпиялылық қағидаттарын сақтау міндеттемесін өзіне алады. Жұмысқа қабылдау туралы шешім кәсіби құзыреттілік, тәжірибе және корпоративтік құндылықтарға сәйкестік сияқты факторлардың жиынтығы негізінде қабылданады.